

## МҚБ бойынша зерттеушілермен жұмыс кеңесі

Бағдарламаның ғылыми жетекшісі Ләззат Сембиева (*Л. Н. Гумилева атындағы ЕҰУ профессоры*) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру («Мемлекеттік аудитті дамытудың жаңа парадигмасы мен тұжырымдамасын, ұлттық ресурстарды тиімді пайдалану және басқару сапасын бағалау жүйесін жақсарту бойынша ұсынымдарды әзірлеу» BR21882352 Бағдарламасы) бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2024 жылғы 17 қаңтарда зерттеу тобы мүшелерінің қатысуымен жұмыс кеңесін өткізді.


Бас ғылыми қызметкер Алия Шахарова (*Л. Н. Гумилева атындағы ЕҰУ профессоры*) 2023 жылдың IV тоқсанында зерттеушілер дайындаған жиынтық аралық есепке шолу жасады.

Мемлекеттік аудит жүйесінде ұлттық ресурстарды пайдаланудың тиімділігін, нәтижелілігі мен үнемділігін бағалау мәселелері, зерттелген теориялық-әдіснамалық тәсілдер мен заманауи әдіснамалық базаға талдау жүргізілді.



Есепті талқылау барысында Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығының директоры Нұрлан Ыбырайым жобаның маңыздылығын және одан әрі зерттеудің басым бағыттарын атап өтті.

Сондай-ақ Ләззат Сембиева зерттеушілердің алдында тұрған, ай сайынғы есептілігінде көрсету қажет жеке міндеттерді айқындады.



Сонымен қатар, зерттеу жүргізу тобының ауқымын анықтау үшін ай сайын кемінде екі рет жұмыс кездесулерін өткізу туралы шешім қабылданды. Осылайша, 2024 жылға арналған Бағдарламаны іске асыру бойынша зерттеу жүргізу қызметінің басталғандығы айтылды.